



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

08.11.2016 ж.

№ 71

Қарағанды қаласы

город Караганда

Қарағанды облысының жер қатынастары басқармасының қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 18 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қарағанды облысының жер қатынастары басқармасының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілсін.

2. Қарағанды облысының жер қатынастары басқармасының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша жұмыс тобының құрамы осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Талдауды жүргізу кезеңі деп 2016 жылғы 10 қарашасынан бастап 2016 жылғы 31 желтоқсанына дейінгі мерзім белгіленсін.

4. Қарағанды облысының жер қатынастары басқармасының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің мәні болып мыналар белгіленсін:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы;
- 2) мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 4) бөлімнің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

5. Ішкі талдаудың нәтижелері бойынша топ анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпаратты, оларды жою бойынша ұсынымдарды, анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша

ұсынымдарының іске асырылу мерзімдерін қамтитын талдамалық анықтаманы ұсынсын.


6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме жүктелсін.

Басқарма басшысы



А. Шалмағанбетов

Орын. О. Смайылов
Тел. 8(7212)566189



2016 жылғы

« 08 » _____ 11

№ 71 бұйрығына қосымша

**Қарағанды облысының жер қатынастары басқармасының қызметінде
сыбайлас жемқорлықтың туындауына ықпал жасайтын себептер мен
жағдайларды азайту (жою) және анықтау мәніне ішкі талдау жүргізу
бойынша жұмыс тобының құрамы**

Төраға:

А.Т. Шалмағанбетов – Қарағанды облысының жер қатынастары басқармасының басшысы.

Жұмыс тобының мүшелері:

Д.П. Терехов – Жер учаскелерін беру және алу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу бөлімінің басшысы;

М.И. Воробьев – Жер пайдалануды жоспарлау және болжау бөлімінің басшысы;

К.Б. Төлеубаева – әкімшілік бөлімінің басшысы;

А.С. Шайкенова – персоналды басқару жөніндегі бас маманы;

О.С. Смайылов – құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы.